

К.С. Сарышова* , Ғ.Ә. Тұяқбаев , А.М. Абасилов 

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.
*e-mail: K_Sarysheva@mail.ru

СЫР ӨңІРІ ГИДРОНИМДЕРІНІҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

Мақалада өз бойына заттық және рухани мәдениеттің ғасырлар бойы сақталып қалған көріністерін, тарихи деректерін жинақтаған Сыр өңірінің гидронимдері туралы сөз болады. Ежелден өркениеттің бесігіне айналған Сыр бойы ондай атауларға бай. Тарихи топонимдер аймақтың табиғат жағдайларын, жергілікті халықтың тарихындағы маңызды оқиғаларды өткен замандардың реликтік мұралары ретінде «жадында» сақтап, қаз қалпында бүгінгі күнге жеткізіп отырғаны белгілі. Сол себепті де топонимдерге деген қызығушылық әрбір халықтың өз елді мекенінің жер, су, өзен, көл атауларының мән-мағынасына ерекше көңіл бөлуіне және сол атаулардың әдеби, когнитивтік негіздерін талдауға деген құлшынысын тудырады.

Топонимдердің жер-су, елді мекен атауларының этимологиясын, мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын зерттеу нысанына айналдырған ғалымдар Ғ. Қоңқашбаев, Н. Баяндин, Қазақстан топонимдерін тарихи-этимологиялық жағынан зерттеген А. Әбдірахманов, Қызылорда ойконимдеріне тарихи-лингвистикалық талдау жасаған Н.А. Прманова сияқты зерттеуші-ғалымдар еңбегін саралай отырып Сыр өңірі гидронимдері тақырыптық жағынан жүйеленді.

Сыр бойындағы зоотопонимдер, фитотопонимдер, антропонимдер, генотопонимдер, белгілі бір оқиғаларға қатысты аталған топонимдер, географиялық нысандардың түр-түсін көрсететін топонимдер нақты мысалдармен дәлелденіп, шығу тегі жайында деректер берілді.

Сыр өңірі гидронимдерінің жан-жақты зерттелуі, саралануы, жүйеге түсіріліп қорытылуы арқылы тақырып өзектілігі айғақталып, тұжырым жасалды.

Түйін сөздер: Сыр өңірі гидронимдері, топонимдік бейнесі, когнитивтік топонимия, топонимикаға қатысты теориялық парадигма, лингвокогнитивтік аспект.

K.S. Saryshova*, G.A. Tuyakbayev, A.M. Abasilov
Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda,
*e-mail: K_Sarysheva@mail.ru

Linguocognitive bases of hydronyms of the Syr region

The article deals with the hydronyms of the Syr region, which contain historical data, preserved manifestations of material and spiritual culture for centuries. Syr, which has long been the cradle of civilization is rich in such names. It is known that historical toponyms, as a relic heritage of the past, «remember» the natural conditions of the region, important events in the history of the local people and bring them to the present day. Therefore, the interest in toponyms arouses the desire of each people to pay special attention to the meaning of the names of land, water, rivers, lakes and to analyze the literary and cognitive basis of those names.

Scientists as G.Konkashbayev, N.Bayandin, A.Abdrahmanov, who studied the toponyms of Kazakhstan from the historical and etymological point of view, made a historical-linguistic analysis of the oikonoms of Kyzylorda. Analyzing the work of researchers such as N.A.Prmanova, the hydronyms of the Syr region were thematically systematized.

Zootoponyms, phytotoponyms, anthroponyms, genotoponyms related to certain events, the toponyms that reflect the diversity of geographical features were confirmed by specific examples and there were given some data on their origin.

The relevance of the topic was confirmed by the comprehensive study, analysis, systematization and generalization of hydronyms of the Syr region.

Key words: Syr region hydronyms, linguistic image of the universe, toponymic image of the universe, cognitive toponymy, theoretical paradigm of toponymy, linguocognitive aspect.

К.С. Сарышова*, Г.А. Туякбаев, А.М. Абасилов
Кызылординский университет имени КORKYT ата, Казахстан, г. Кызылорда,
*e-mail: K_Sarysheva@mail.ru

Лингвокогнитивные основы гидронимов региона Сыра

В статье рассматриваются гидронимы региона Сыра, которые содержат исторические данные проявления материальной и духовной культуры народа, сохранившиеся на протяжении веков. Сыр, издавна являвшийся колыбелью цивилизации, богат такими названиями. Известно, что исторические топонимы, как реликтовое наследие прошлого, «запоминают» природные условия и особенности региона, важные события из истории местного населения и переносят их до наших дней. Таким образом, интерес к топонимам вызывает у каждого народа желание уделить особое внимание значению названий земель, водоемов, рек, озер, а также проанализировать литературную и когнитивную основу этих названий.

Анализируя работы таких ученых, как Г. Конхашбаев, Н. Баяндин, изучавших этимологию, значение, развитие структуры, ареал распространения и современное состояние земельных и водных названий топонимов, рассматривая исследования А. Абдрахманова, изучавшего топонимы Казахстана с историко-этимологической точки зрения, изучая труды Н.А. Прмановой, проводившей историко-лингвистический анализ ойконимов Кызылорды, мы систематизировали и тематически классифицировали гидронимы Сырдарьинской области.

Зоотопонимы, фитотопонимы, антропонимы, генотопонимы, топонимы, относящиеся к реальным событиям из истории, топонимы, отражающие разнообразие географических объектов региона – и природных, естественных, и рукотворных, подтверждены конкретными примерами, приведены данные об их происхождении, закономерности их функционирования.

Ономастические топонимы, формируясь на протяжении веков, являются показателем нашего национального языка, культуры и традиций. Актуальность темы нашей статьи подтверждена комплексным изучением, всесторонним анализом, систематизацией и обобщением гидронимов региона Сыра.

Ключевые слова: гидронимы региона Сыра, лингвистический образ мироздания, топонимический образ мироздания, когнитивная топонимия, теоретическая парадигма топонимии, лингвокогнитивный аспект.

Кіріспе

Әлемдік және отандық лингвистиканың қазіргі кезеңде тілді тұтынушы ұлтты алғашқы орынға қоятын лингвистикадағы антропоцентристік парадигмада зерттелуі ономастикалық материалдың кешенді сипатта қарастырылу қажеттігін тудырып отыр. Осыған орай ономастиканы, оның ішінде топонимиканы когнитивтік аспектіде жаңаша қарастыру үлкен мүмкіндіктер мен тың деректерге жолашады. Бұл, өз кезегінде топонимикаға қатысты теориялық парадигманың бұған дейін қол жеткізген табыстарын жоққа шығармай, оны өзге қырынан жетілдіре түседі. Когнитивтік талдаудың сүйенетін басты негізі топонимдердің адамның санасында өңделіп, миымен қабылданып, тілдік санасында бейнеленуінде.

Когнитивтік топонимияда физика-географиялық кеңістікті категориялық аймақтарға бөлшектеу адамның қоршаған ортаны сезіну, қабылдау, түйсіну процестері менталды деңгейде өтіп, өңделеді де, нәтижесінде әлем бейнесі – әлемнің тілдік бейнесі – әлемнің топонимдік

бейнесі қалыптасады және оның санасында концептілер түрінде тұрақталады.

Онтологиялық топонимикада категориялау барысында басты назар топонимдік кеңістіктегі тілдік материалды түгендеу, жүйелеу, тілдік реттестіру болса, когнитивтік топонимикада негізгі ғылыми нәтиже ретінде зерттеліп отырған атау туралы лингвистикалық және экстралингвистикалық ақпарат жан-жақты қарастырылады. Зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты Сыр өңірі гидронимдерінің қалыптасу заңдылықтары мен кезеңдерін жүйелі зерттеуді, құрылымдық-сөзжасамдық типтерін және топонимикалық атаулардың аталымдық (номинациялық) ерекшеліктерін анықтауды көздейді. Олай болса, біздің мақсат су атауларына қатысты топонимдерді когнитивтік аспектіде қарастыру, тақырыптық топтарға біріктіру болып отыр.

Материал және әдістер

Жалқы есімдер – онимдер – белгілі бір тарихи дәуірдің лингвистикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктерін кешенді түрде

бейнелейтін лексиканың бір бөлігі болып табылады. Ал бұндай ерекшеліктер топонимикалық атауларда айқын көрінеді. Топонимдердің этникалық атауларға, тарихи оқиғаларға, адам есімдеріне тікелей байланысты екенін ескерсек, оларды «бейнелі түрде адамзат тарихының коды ретінде елестетуге болады» (Абдрахманов, 1991:58). Сыр өңірі гидронимдерін лингвокогнитивтік аспектіде қарастыруды негізгі зерттеу нысаны етіп алуымыздың басты себебі де осы. Осырайда зерттеуіміздің сипаты мен алға қойған мақсатына сәйкес лексико-семантикалық, этимологиялық әдістерді қолдандық және дереккөз ретінде Н.А. Баскаков, А.В. Суперанская, Ә.Т. Қайдар, А.А. Әбдірахманов, А.А. Камалов сияқты белгілі ғалымдардың ғылыми-теориялық көзқарастары басшылыққа алынды.

Әдебиетке шолу

Адам өзінің дүниетанымын, айналасына деген көзқарасын, тілдің қызметі арқылы жүзеге асырады. Әрбір тілдің өзінің ішкі, ұлттық ерекшеліктері бар болғандықтан, кез келген тіл әлемді өзінше бейнелейді. Халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы жайлы ақпараттың негізгі көзі болып табылатын тілдік тұлғалардың бірі – топонимдер. Өмірде көрген-білгенін, зердесіне тоқығанын, өмірлік тәжірибесін, бүкіл қол жетпес құндылығын тілінде тұжырымдаған қазақ халқы көшіп-қона жүріп, жолында кездескен әрбір бұлақ-бастауға, төбе, жазыққа, ой мен қырға олардың ерекшелігіне қарай сәйкестеп ат берген.

Топонимиялық атаулардың пайда болуына, қалыптасуына, дамуына ұлттың мәдени өмірі әсер етеді және «атауды қалыптастырған немесе пайдаланып жүрген халықтың мәдениетіне ешбір байланысы жоқ атау болмайды», (Сүлейменова, 2008: 131) себебі, атаулар жүйесі – ұлттың дүниетанымының, психологиясының, материалдық дүниесінің тоғысқан жиынтығы.

Байтақ қазақ жерінің бір бөлігі – Сыр өңірі. Бұл жер – ежелгі заманнан бері көшпелі мәдениеттің өзіндік сипаты қалыптасқан аймақ. Желмаясын мінген Асан қайғының өзі: «Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен, Қара тауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен», – деп бастауын Нарын және Қарадария өзендерінің қосылған жерінен алатын Сырдарияның қыстауға қолайлылығын көрсетсе керек-ті (Шешендік шиырлары, 1993: 112).

Сырдария өзенінің байырғы атауы – Яксарт. Сырдарияның қазіргі Ленинабад пен Ташкент аралығындағы орта бойы аталса, кейіннен ол өзеннің түгелдей атауына айналды. Птоломей, т.б. авторлар «Яксарт атауы бұл аймақты мекендеген сақтардың Яксарт тайпасына байланысты шығуы мүмкін» деп жорамалдайды. Яксарт көне түрік тілінде Иенгу-угуз (Инжу өзен), иранша – Иахша-арта (шынайынжу) деп аталған (Қызылорда облысының жер-су атаулары, 2011:3). Инжу аталуының себебі өзен бойын бойлай көп қалалардың орналасуынан болуы мүмкін деген де жорамал бар. Көне парсы тілінде сөз «үлкен маржан» деген мағына береді екен. Парсылар Сырдария, моңғолдар Гүлзариян, арабтар Сейхун, түріктер Сырсу атаған өзеннің бойын жайлаған Сыр елінде көптеген өзен, көл, бұлақ, канал, арық, құдық атауларының кездесуінің де ерекшелігі осы болса керек.

Сусыз адам, табиғат, жан-жануар, яғни бүкіл тірі тіршілік өмір сүре алмасы белгілі. «Су культі» тақырыбы суды пайдаланумен байланысты барлық тақырыпты қамтиды: құдық, канал, бұлақ, өзен, көл, теңіз суларын пайдалану, көпірлер, бөгеттер, су көліктері, моншалар, су бұрқақтар (Картаева, 2018: 3). Орыс халқының ұлы жазушысы К. Паустовский «Жер-су аттары халықтың паспорты» дейді. Себебі сол жер-судың иесі кім екені оған берілген атауынан байқалып тұрады. Ал атаудың мазмұнында халықтың таным-білімі, неге солай атағаны туралы «ашық» немесе «тасаланған» ақпараттар жатады (Картаева, 2018: 26).

Орыс ғалымы С.А. Суперанскаяның: «Выявление истории возникновения топонимических названий позволяет, с одной стороны, узнать отечественную историю, а с другой – всесторонне изучить историю края» (Суперанская, 1984: 52), – деген пікірінде көрсетілгендей, бүгінгі таңда топонимдерге назар аудару әрбір халықтың өз елді мекенінің – жер, су, өзен, көл атауларының мән-мағынасына ерекше көңіл бөлуінен және сол атаулардың когнитивтік негіздерін тануға деген талабынан туындап отырғаны рас.

Осы орайда, біздің айтайын деп отырған пікірімізге қазақ ғалымы профессор Н. Уәлидің тілдің мәдени коды туралы идеясы жақын. Ғалым: «Белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына (білім) кодқа салынуы, соған сәйкес екі түрлі код болуы мүмкін. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код. Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет» (Уәли, 2007: 15), – деген болатын.

Зерттеуші ғалым В. Красных (Красных, 2003) мәдениеттің архетиптік түсініктеріне байланысты оның іргелі кодтарын соматикалық, кеңістіктік, уақыттық, заттық, биоморфтық, рухани деп белгілейді. Біз соның екі түріне: мәдениеттің биоморфтық кодына және заттық кодына тоқталамыз.

Нәтижелері және талқылама

1. Мәдениеттің биоморфтық коды (Рысберген, 2010: 13) қоршаған ақиқат дүниедегі барлық жанды болмысқа қатысты болады. Биоморфтық кодтағы жер-су атауларының өкілдері ретінде жан-жануарлар, өсімдік атаулары арқылы жасалған топонимдерді айтамыз.

Тіл ғылымында Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Қ. Рысберген, Е. Қойшыбаевтардың топонимика саласындағы ұсынған топтастыру төңірегіндегі тұжырымдарын негізге ала отырып, Сыр өңіріндегі су атауына байланысты топонимдерді былайша классификацияладық:

Жануарлардың атауы бойынша қойылған топонимдер (зоотопонимдер). Қазақтың ежелгі ата кәсібі – мал шаруашылығы, төрт түлік топонимдік аталымға негіз болған зооморфтық принципке сай уәж-белгі үй жануарларының атауларына байланысты таңдалып, іріктелген және ол атаулар зооморфтық код ретінде танылып, жер-су атауларында репрезенттелген. Мәселен: *Түйекұдық* – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. «Үлкен не тек түйе су ішетін құдық» мағынасындағы атау; *Қаязды* – көл. Арал Қарақұмының оңтүстік батыс бөлігінде, Сырдария алабында. Балық атынан қойылған атау; *Бұзауөлген* – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. Осы құдыққа бұзау түсіп өлгендіктен қойылған атау; *Айғырбұлақ* – бұлақ. Арал теңізінен солтүстік шығысқа қарай, Алтыншоқысу жотасында. «Үлкен бұлақ» мәнінде қалыптасқан атау.

Өсімдік атауы бойынша қойылған топонимдер (фитотопонимдер). Өсімдікке қатысты фитоморфтық принцип халықтық танымдағы этноботаникалық білім-тәжірибеге, стереотиптік түсініктерге сай қалыптасқан және өсімдік атауларының қатысуымен жасалған жер-су атауларында вербалданған. Мысалы, *Шоқтал* – көл. Қызылқұмның солтүстік шығысында, Сырдария өзенінің бойында. Көл жағасында бір топ талдың өсуіне орай қойылған атау; *Тораңғылсай* – өзен. Сырдария өзені бойында, ұзындығы – 92 км. Қарашоқы ауылынан басталып, Құрайлы ауылының оңтүстігінде 44

км жерде жатыр. Қар, жанбыр суымен арнасы толығады. Жазда суы тартылып қалады. Айналасында сораң шөп өседі; *Сарықамыс* – көл. Қызылорда қаласының оңтүстігінде, Сырдария алабында. Сары және қамыс сөздерінен жасалған. «Үлкен алқапты, көп жерді алып жатқан қалың қамыс» мәніндегі атау болса керек; *Қамысбұлақ* – бұлақ. Арысқұмның оңтүстік шығыс бөлігінде. Бұлақ маңында қамыс көп өскендіктен қалыптасқан атау; *Құрайлы* – канал. Жосалы даласында. Жағасында қалың құрай көп өскендіктен берілген атау; *Томарлы* – құдық. Баршақұмның оңтүстігінде. «Томары көп, шоқатты жер» мағынасын аңғартады; *Қарашалаң* – көл. Арал Қарақұмының оңтүстік батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің бойында. Өсімдік атынан қойылған атау; *Қанды* – бұлақ. Құланды түбегінде. «Төңірегінде қанды шөп қалың өсетін бұлақ» мәніндегі атау; *Кендірлібауыр* – бұлақ. Қаратүп түбегінде. Бұлақ маңайында, баурайында кендір өсімдігі көп өсетіндіктен қойылған атау; *Жыңғылды* – көл. Арал Қарақұмының оңтүстік батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында. «Жыңғылы қалың өскен жер» мәніндегі атау.

Адам есімдері бойынша аталатын географиялық объектілер (антропонимдер). Құдық атаулары: *Ақтан, Әлибай, Илеубай, Аймандай, Бектеміс, Берді, Ерсары, Илеубай, Кенжембай, Мүсіреп, Рай, Сабырбай, Серекөзған, Тайобай, Талдыбек, Таңсықбай, Тырнақбай, Тілеужан т.б.*; канал атаулары: *Байқадам, Балғабай, Бекетай, Стан, Омарғали т.б.* көл атауына байланысты топонимдер: *Баян* – Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария алабында орналасқан; *Мақпал* – Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария алабында орналасқан; *Жанаркөл* – Сырдария өзенінің бойында Жалағаш кентінен батысқа қарай 17 км жерде орналасқан; *Қазымбеткөл* – Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік-батысында, Қараөзек тарамының бойында. «Қазымбеттің көлі» мәніндегі атау; *Имаш көлі* – Қойлақы көлінің шығыс жағында орналасқан. Қойлақы мен Имаш көлінің арасын Тарауыз бөліп тұр. Осы елдің тұрғыны, беделді қария Имаш есімімен аталған.

Сонымен бірге аз болса да дария, бұлақ атаулары да кездеседі. *Ақажансай* дария – Сырдария өзенінің тармағы, ежелгі сол жағалық құрғақ арна. Ұзындығы – 72 шақырым. Қар ерігенде ғана арнасымен толығады. Осы аймақта болып тұратын күшті желдердің әсерінен Ақажансай дария арнасы бастапқы көрінісін мүлде өзгерткен. Табаны кең әрі тегіс, саяз.

Арнасының басым көпшілік бөлігі үрінді құмға толған. Құм төбелер мен шағылдар тікелей арнаға тіреліп жатады. «Ақажан деген кісі есімімен аталған сайдағы дария» мәніндегі атау (Қызылорда облысының жер-су атаулары, 2011: 11).

Ру атаулары бойынша аталатын топонимдер (генотопонимдер). *Айтбай* – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстік батыс бөлігінде. *Бозғұл* – көл. Арал теңізінің солтүстік шығыс жағалауында; *Дәуқара* – бұлақ. Құланды түбегінде; *Жұлдыз* – көл. Арал Қарақұмының оңтүстік батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің бойында; *Түгіскен* – бұлақ. Арал теңізінің солтүстік шығыс жағалауында, Арал ауданында; *Шағатай* – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік шығысында; *Бошай* – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстігінде; *Құлқұдық* – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында. *Тоғызбай* – көл. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік шығысында, Сырдария алабында. Ру атынан не кісіесімінен қойылған атау; *Ошақты* – көл. Көлдің айналасын Ошақты тайпасының иеленіп, көл жағалауына қыстау салып, қыс қыстап, шөбін шауып, суын пайдаланып, ұзақ уақыт атажұрт етуіне байланысты көл Ошақты деп аталған.

Белгілі бір уақыттарда болған оқиғаларға қатысты аталған топонимдер. *Барсакемес* – түбек. Арал теңізінің солтүстік шығыс бөлігінде. Атаудың шығу тарихы жөніндегі аңыздардың бірінде: сол аралды қыстап шығуға барғандардың, қапелімде мұз түсіп кеткендіктен, құрлыққа қайта алмай қалғандығы жайлы айтылады; *Қатынқазған* – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. Халық аузында мынадай аңыз сақталған: «Ертеректе түрікмендер қазақ ауылына шапқыншылық жасап елдегі ересек адамдардың бәрін қырып, құдықтарды көміп кетсе керек. Бұл қанды қырғыннан далада тезек теріп жүрген бір әйел ғана тірі қалыпты. Шабылған жұрт орнына келген әйел бірлі-жарым тірі қалған жаралы адамдар мен балалардың қиналғанын көреді. Су болмаса бұлардың қырылатынын білген әйел жалғыз өзі құдық қазуға кірісіп, бірнеше күнде одан су шығарады. Осылай, «қатын қазған құдық» кейін де талай жыл адамдарға қызмет етіп, маңайына ел үйіріліпті». *Ханқазған* – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында. «Хан қаздырған құдық» мәніндегі атау; *Бесмола* – көл. Сырдария өзенінің аңғарында, көл жағалауында бес моланың кездесуіне қарай қалыптасқан атау болса керек.

Географиялық нысандардың түр-түсін көрсететін топонимдер. *Тартаркөл* – көл. Дариялық Тақыр жазығының батыс бөлігінде, Сырдария алабында. «Түбі батпақты, тартып кететін көл» мағынасындағы атау; *Қостақыр* – құдық. Арал теңізінің солтүстігінде. «Екі тақырға, жазық жерге орналасқан құдық» мәніндегі атау, *Қотыр* – құдық. Арал теңізінің солтүстік шығысында, Баршақұм өңірінде. «Тегіс емес, бұжыр, жаман, ақтаңдақ сортаң жер» мәніндегі атау. *Қосқұдық* – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. «Қатар жатқан екі құдық» мәніндегі атау; *Қобыкөл* – көл. Арал теңізінің солтүстігінде. «Құм арасындағы қолатта орналасқан көл» мәніндегі атау; *Қаракөл* – көл. Әйтеке би кентінен солтүстік батысқа қарай 38 км жерде орналасқан. Қара және көл сөздерінен жасалған. Зерттеуші Е. Қойшыбаев «көзді көл» мағынасындағы атау дейді. Ал Т. Жанұзақ атаудың «жер асты суы, бұлақ сөздерінен бастау алған көл» мәнін беретінін айтады. *Қамыстыбас*, *Қамбаи* – Арал ауданындағы ең ірі көл. Көл Тәуіп – Жарма каналарқылы толығады. Оның айналасында Лайкөл, Қаязды, Жалаңаш, Райым сияқты бірнеше көлдер тізбегі бар; *Керішқұдық* – құдық. Арал теңізінің солтүстік шығысында, Баршықұм өңірінде. «Қатты тас грунттан қазылған құдық» мәніндегі атау; *Жарлыпес* – бұлақ. Арал теңізінің солтүстігінде. «Суы аз бұлақ» мәніндегі атау; *Жақсықылыш* – көл. Сырдария өзенінің сағалық алабында, Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағында, Арал Қарақұмы мен Жақсықылыш тауының аралығында орналасқан. *Домалақ* – тұйық көл. Арал Қарақұмының оңтүстік батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің оң жағасында, Кіші Борсық және Арал Қарақұмы аралығында теңіз деңгейінен 69 м. жоғары орналасқан. Көлдің сыртқы көрінісіне сай қойылған болу керек; *Ащықұдық* – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінде, Көктырнақ түбегінде. Ащы және құдық сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Бұл сайда ащы сор көп болғандықтан осылайша аталса керек; *Ақшатау* – көл. «Ақ, ақшыл болып көрінген, шаңқан тау» мәніндегі атау. Тау атынан көлге берілген болса керек. Суы кермек. Ақшатау Сырдариямен арна арқылы жалғасады. Батыс жағалауында қалың камыс өседі; *Ақкөл* – жер атауы. Қардың еріген суының, жауған жаңбыр суының жиналып, көл болған жері. Бұл су көл болып ұзақ сақталған. Сол кездегі тұрғындар бұл жерге қауын-қарбыз, тары егіп тіршілік жасаған. Ақкөл – Арал теңізінде, Қаратерең түбегі мен Токпан теліміндегі қолтық. Теңіз суы толық кезде Ақкөлдің балығы мол,

жағалауының шөбі шүйгін, әрі малға жайылым болды. Сырдария тасығанда ғана жергілікті тұрғындар Ақкөлдің суын шаруашылыққа пайдаланды. Қазір қолтықта су жоқ; *Ащыкөл* – ойыс. Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары аумағында, Сарысу, Шу өзендерінің төменгі ағысында орналасқан. Көл суының ащы, тұзы көп болуына қарай қалыптасқан атау.

2. Заттық мәдени код дүниенің «ақиқат» болмысымен байланысты келеді де кеңістікті «толтырып» тұрған қоршаған әлемнің заттарына қатысты болады (Рысберг, 2010: 14). Заттық код әлеуметтік қатынастар арқылы рухани кодпен тығыз байланысқа түседі. Осылар арқылы оқырманға ерте заманның есігі ашылады. Сондықтан да, мәдени заттық-рухани кодтарда «жасырын» тұрған ақпараттар мен білімдерден бейхабар адам атаудың мазмұн, мәнін түсінбейді, яғни мәдени код ашылмаған күйде қала бермек. Академик Ә. Қайдар: «Мәдениет жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым», – деген болатын (Қайдар, 1998: 13). Қазақ жер-су атауларындағы мәдени кодқа нақты атауға қатысты халықтың когнитивтік базасында жинақталған білімдер жүйесі жатады және олар ұлттық-лингвомәдени қауым өкілдеріне белгілі болуы тиіс. Бұл тарапта ономаст ғалым Г. Мадиеваның: «Нақты жағдайларға сәйкес келмесе де, белгілі бір әлеумет үшін құндылықтарға ие немесе қоғамдық маңызды істерді атқара алған, когнитивтік санада өзіндік орны бар прецедентті есімдер болады» (Мадиева, 2004: 56), – деген пікіріне толық қосыламыз. Кезінде қазақ тіліндегі ономастикалық атаулардың президенттілік нышандары туралы профессор Т. Жанұзақтың зерттеулерінде де айтылған болатын (Жанұзақ, 2006). Сондай прецедентті есімдерге қатысты атаулардың бірі – су атауына байланысты антропоним *Ақтан* сөзі. Ол бірнеше мағынада қолданылады. Құдықтың атауы, Қызылорда облысы, Қазалы ауданында ауылдық жердің атауы, XVIII ғасырда өмір сүрген қазақ батырының аты. Ақтан Жанқожа батырдың үзеңгілес серігі болған, Хиуа, Қоқан жорықтарына қатысқан (Нысанбаев, 1998: 112) деген де тарихи мәлімет бар. «Ақтан батырдың есімі бүкіл қазақ жұртшылығына беймәлімдеу болғанымен, батырдың өмір сүрген аймағы – Арал, Қазалы, Шалқар өңірлеріндегі тұрғындар батыр есімімен жақсы таныс. Батыр есімінің

бүкіл қазақ халқына танымал болмауына кешегі кеңестік кезеңдегі үстем идеологияның кері әсері және соған байланысты тұлғаның бойында батырлық қасиеті мен әулиелік қасиеттерінің қатар болуына байланысты оның өмір жолын зерттеуге кеңестік тарихшылардың жүректерінің дауаламауы жатса керек. Өткен ғасырдың 90-шы жылдары Ақтан батыр туралы Арал және Қазалы аудандарының аудандық газеттерінде жергілікті авторлар: Ш. Айтуғанұлының, М. Сақтағановтың, Б. Алпамысовтың, О. Аяпбергеновтің және тағы басқа авторлардың мақалалары, ел аузынан жинаған тарихи аңыз-әңгімелері, толғаулары мен дастандары жарық көрді» (Кәрібаев, 2010), – деп батыр өмір сүрген XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың ортасы аралығы қазақ тарихындағы ең бір ауыр кезең болғанын айтады.

Хиуа ханы өңірге тізесін батырыңқырап тұрған кезеңде Сырдария бойын жайлаған қазақ ауылдарын әлсін-әлсін шауып, малдарын тартып алып отырған. Ақтан батырдың дүниеге келерін есімі бүкіл Қаракесек тайпасының ұранына айналған Ақпан әулие болжаған екен. Ел аузында: «Ақайдың бәйбішесі – Ақтанның шешесінің төбесінде шырақ жанып жүргенін көрген әруақты Ақпан батыр: «Мына іштегі тегін бала емес. Киелі бала екен, әулиелік кереметі бір бөлек. Бүкіл Әлімнің намысын қорғайтын батыр болар, бірақ мен бұл баланы көре алмаспын. Әруақ қолдасын, менің жолымды берсін», – деп батасын берген болатын» – деген тарихи аңыз бар. Ақпан мінген атының ерінің үстіндегі боз көпшігін: «Балаға табыс етесіндер», – деп қалдырған екен дейді. Ақтанның әкесі Ақай «атасының батасы дарысын» деген ниетпен азан шақыртып «Ақтан» деп ат қойыпты (Айтуғанұлы, 1997:7).

«Әлімде бір батыр бар аты Ақтан,
Ол Ақтан Сыр мен Қырға болған мақтан.
Жауына Жанқожамен қатар шауып,
Ұшырған төрелерді алтын тақтан», –

деген жыр жолдары арқылы мақтанға айналған Ақтан батыр есімінің елді-мекенге берілуі де заңдылық.

Қорытынды және тұжырымдама

Зерттеу тұжырымдамасында ұлттық когнитивтік база халықтың санасындағы топонимдік ақпаратты сақтау мен таратудың әмбебап бірлігі екендігіне, қазақ гидронимдері ұлттық мәдени

кодтарда, соның ішінде заттық мәдени кодта және биоморфтық кодта репрезенталатынына көз жеткіздік. Ойымызды қорыта келе, ономастика ғылымы аясында зерттелетін топонимдердің талай ғасыр бойы халықпен бірге жасасып келе жатқан тілдік бірліктер екенін баса айтқымыз және жер-су атаулары ұлттық тіл байлығымыздың, мәдениетіміз

бен салт-дәстүріміздің, әлем туралы таным-түсініктеріміздің көрсеткіші де болып табылады дегіміз келеді.

Зерттеу жұмысы ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №АР09260188 «Қызылорда облысының тарихи топонимдері: когнитивтік, әдеби негіздері және ұлттық код» атты жоба аясында жүргізілді.

Әдебиеттер

- Абдрахманов А.А. Историко-этимологическое исследование топонимов Казахстана. Автореферат дис... доктора фил. наук. – Алма-Ата, 1991. – С.58
- Сүлейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – Астана: Арман-ПВ, 2008. – 392 б.
- Шешендік шиырлары. – Алматы: Қайнар, 1993, – 112 б.
- Қызылорда облысының жер-су атаулары. – Қызылорда, 2011. –192 б.
- Картаева Т., Бексейітов Г., Оспанов Е. Су культі: анықтамалық. – Алматы, 2018. – 158 б.
- Суперанская А.В. Что такое топонимика. –Москва: Наука, 1984. – С.52
- Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол.ғыл.докт. ...авторефераты. – Алматы, 2007. – 51 б.
- Красных В. «Свой» среди «чужих»: миф или реальность? – М.: «Гнозис», 2003.
- Рысбергген Қ.Қ. Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері. Филол.ғыл.докт. ...авторефераты. – Алматы, 2010. – 55 б.
- Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 13 б.
- Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: «Қазақ университеті», 2004.
- Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. – Алматы, 2006.
- «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. –112 б.
- Кәрібаев Б. Ақтан батыр. «Ана тілі» газеті, 2010 ж. 5 тамыз.
- Айтуғанұлы Ш. Қаракесек Ақайұлы Ақтан батыр. – Қазалы, 1997. – 7 б.

References

- Abdrahmanov A.A. (1991) İstoriko-etimologicheskoe issledovanie toponimovKazahstana. Avtoreferat dis... d-rafil.nauk [Historical and etymological study of toponyms of Kazakhstan. Abstract of the dis... Dr. Phil] (in Russian)
- Aituğanūly Ş. (1997) Qarakesek Aqai ūly Aqтан batyr [KarakesekAkay the great Aktanbatyr] (In Kazakh)
- Janūzaq T. (2006) Qazaqonomastikasy. Kazahskaiaonomastika [Kazakh onomastics] (In Kazakh, in Russian)
- Käribäev B. (2010) Aqтан batyr«Ana tılı» gazetі [Aktan batyr«Ana tılı» newspaper] (In Kazakh)
- Kartaeva T., Bekseitov G., Ospanov E. (2018) Su külti: anyqtamalyq [Water cult: reference book] (in Kazakh)
- Krasnyh V. (2003) «Svoi» sredi «chujih»: miflireälnöst? [«Your own» among «strangers»: myth or reality?] (in Russian)
- Madieva G.B. (2004) İmäsobstvennoe v kontekstepoznania [Proper namein the context of cognition] (in Russian)
- Qaidar Ä. (1998) Qazaqtılıniñözektimäseleleri: Aktuälnye voprosy kazahskogo iazyka [Actual problems of the Kazakh language] (In Kazakh, in Russian)
- Qazaqstan (1998) Ūlttyq ensiklopedia [National Encyclopedia] (In Kazakh)
- Qyzylorda oblysynyñ jer-su ataulary. (2011) [Land and water names of Kyzylorda region] (In Kazakh)
- Rysbergen Q.Q. (2010) Qazaq toponimiasynyñ lingvokognitivtik jäneetnomädeni negızderi. filol.ğyl.dokt. ...avtoreferaty [Linguocognitive and ethnocultural foundations of Kazakh toponymy. philol.science.doct. ...abstract] (In Kazakh)
- Şeşendik şyirlary. (1993) [Oratorical Scrolls] (In Kazakh)
- Süleimenova E.D., Şaimerdenova N.J., Smağūlova J.S., Aqanova D.H. (2008) Äleumettik lingvistika terminderiniñ sözdığı [Dictionary of sociolinguistic terms] (In Kazakh)
- Superanskaia A.V.(1984) Chto takoe toponimika [what is toponymy] (In Russian)
- Uäli N. (2007) Qazaq söz mädenietiniñ teorialyq negızderi: filol.ğyl.dokt. ...avtoreferaty [Theoretical foundations of Kazakh speech culture: philol.science.doct. ...abstract] (In Kazakh)